

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
**АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының**  
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР  
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР  
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА  
2022

ӘОЖ 37:80/81  
ББК (КБЖ) 74:81.2  
Қ 16

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы  
Филология ғылымының кандидаты, профессор

**Жауапты шығарушылар:**  
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81  
ББК (КБЖ) 74:81.2  
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау.
2. Қазақстан Республикасының Білім Заңы.
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2006. – 4-5 бет
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2008. – 241 б.
5. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Алматы, 2005. – 233 б.
6. Кәсіби даму мектебі. – Алматы, Верена, 2007. – 93-97 б.
7. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. – Алматы, 2006. – 86 б.
8. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. – Алматы, 2001. – 75 б.
9. Білімдегі жаңалықтар. 2007. №4, – 26-28 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ БАСТАУЫШ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Әлімбек Г.Р.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*  
*Alimbek\_gaukhar@mail.ru*

**Аннотация.** Мақалада ойын арқылы оқыту әдістемесі, ойын түрлері мен тіл үйренудегі ойынның рөлі талданады. Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану әдістемесі де ұсынылған.

**Кілт сөздер:** ойын, ойын әдісі.

**Аннотация.** В статье анализируются методы обучения с помощью игр, виды игр и роль игр в обучении языку. Также предложена методика использования игр в обучении казахскому языку.

**Ключевые слова:** игра, игровой метод.

Тіл үйретудің әдістері де, сабақ түрлері өте көп екендігі белгілі. Оқу процесінде, шетелдіктерге қазақ тілін үйрету кезінде солардың тиімділерін таңдап, ретіне қарай пайдалана білу қашанда маңызды. Бұл тұрғыдан келгенде, тіл үйрету процесінде фонетикалық, грамматикалық, лексикалық және орфографиялық ойындардың алатын орны да айрықша. Ойынды балаға ғана лайық нәрсе деп қарау, оқу процесіндегі оның орны мен рөлін дұрыс түсінбей

«баланың ойынына» балау мәселенің мәніне үнілмеуден туындайды. А.В.Конышева оқу тәжірибесінде ойын ұғымы жаңаша пайымдалып, айрықша көңіл аударуды қажет етін өте маңызды категория [3, 9] деп атап көрсетеді. Сондықтан сынақтан өткен түрлі тілді оқытуға арналған ойындарды қазақ тілі сабақтарында да тиімді, орнымен пайдалана білген абзал. Әсіресе, шетелден келген тіл үйренуші студенттер, яғни өзге ұлт өкілдері қазақ тілін оқу барысында олардың «бұл тілді меңгеру қиын» деген қорқыныш, сенімсіздік сияқты сезімдерге бой алдыратындығы жиі байқалады. Оларды осы сезімдерден арылтып, өздеріне деген сенімділіктерін арттыру үшін, тіл үйренудің ең бастапқы кезінде сабақты тартымды, қызықты, жеңіл түрде өткізудің мәні зор. Ондай сабақ түрлерінің бірі – ойын сабағы. Ойын сабағы тіл үйренушілердің тілдік кедергіге қарамастан бір-бірімен тез жақындасып, өзара қарым-қатынасқа түсуіне көп көмектеседі. Сондай-ақ ойын кезінде тіл үйренушілерді рөлге бөліп, оларға күнделікті өмірдегідей жағдаят туғызуға болады. Бұл жөнінде тіл үйрету әдістемесінің белгілі маманы А.Н.Щукинаның мына төмендегі пікір өте орынды айтылған: «Оқыту ойыны – шынайы өмірдегі тілдік қарым-қатынасқа мейлінше жақындатылған сөйлеу үлгілерін сан мәрте қайталауға мүмкіндік туғызатын тіл үйрету сабақтарында айрықша үлгіде ұйымдастырылған жағдаяттық жаттығулар» – деп көрсетеді ғалым [1, 166].

Жалпы тіл үйренушілердің оқып-үйренуге, тілді меңгеруге деген мүдделілік деңгейі, қажеттілігі мен уәждерінің, білім-қабілеттерінің бірдей бола бермейтіндігі белгілі. Осы жағдайды ескерген күннің өзінде тіл үйретушінің кез келген сабақ қызықты өткізуі сол қабілет-қарымы мен қызығушылығы әркелкі үйренушілердің ынтасын арттырып, оқып отырған пәніне, үйренетін тіліне деген құрметі мен қызығушылығы оянады немесе бұрынғыдан арта түседі. Сабақ жаңаша, қызық әрі ақпараттық-танымдық сипаты басым болған сайын тіл үйренушілердің қызығушылығы мен бірге белсенділігі де артады. Сонымен қатар сабақ студенттерге өте қиын әрі көңілсіз болып көрінбейді. Ал тілді үйренуге деген қызығушылықтың туындауы – нәтижеге қол жеткізудің аса маңызды алғышарты. Өйткені қызығушылық когнитивті әрекеттің негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Бұл тұрғыда сабақтың қалай басталғаны да көп рөл атқарады. Сабақтың басталуы әрдайым эмоцияға толы болуы керектігін әрқашан назарда ұстаған жөн. Эмоция болған жерде белсенділік те артады, қиял мен ойлау қабілеті де іске қосылады. Оқу ойындары осы эмоция туғызуға, аудиторияға жан бітіруге жол ашады. Сол себептен де біз бастауыш деңгейде үнемі шет тілін үйретуге арналған ең белгілі, ең тиімді, ең қызық оқыту ойындарын барынша көп пайдаланамыз. Өйткені бұл оқыту ойындарын пайдалану тіл үйрету барысында жақсы нәтиже беретіндігі әдіскер мамандардың зерттеулері мен тәжірибесі арқылы жан-жақты қарастырылған, дәлелденген мәселе. Ағылшын, неміс, француз және басқа да Еуропа халықтарының тілдерін оқытуда мұндай ойындардың жиі пайдаланатындығы да сондықтан. Ойын – қиынды жеңілдетудің, оқытуды оңайлатудың тиімді жолы. Кейінгі жылдары, әсіресе өзіміз сабақ өткізіп жүрген шетелдік студенттер тобына қазақ тілін үйрету

кезінде де бұған көз жеткізіп жүрміз. Ойын сабақтары бұрын сөз болмай жүрген жаңа, мейлінше тың мәселе деуден аулақпыз. Дегенмен, өзге шет тілдерін үйретуде кең тарап, өзін ақтаған ойын түрлерін біліп-меңгеріп, қазақ тілін үйретуде ұтымды, орынды пайдалану практикасы орныққан деп те айтуға ерте екенін жасырмаған жөн болар. Оқыту ойындары тиімді пайдаланылған сабақтарда аудиторияның атмосферасы өзгеріп, үйренушілер ынтасы артатындығына куә болып жүргендіктен, бұл тәсілді пайдаланудың тиімділігі жөніндегі ойларымызды ортаға салып, әріптестеріміздің талқысына тағы да сала кетуді жөн санап, осы тақырыпқа тоқталуымыздың себептері де осында жатқанын айта кеткеніміз жөн болар деп санаймыз.

Мысалы: «Сөз жарысы» (word race) деп аталатын белгілі оқыту ойыны – өткен сабақтағы лексиканы есте сақтау мен бекіту үшін тамаша ойын. Ойын балаға да, ересек тіл үйренушілердің де қызығушылығын туғызады әрі жас талғамайды. Бұл ойын грамматиканы және лексиканы бекіту үшін тиімді. Ойын шарты бойынша біріншіден, топты екіге бөлу керек. Екіншіден, тақтаны екіге бөліп, әр команданың сөз жарыстыратын өз бұрышын бекітіп беру керек. Үшіншіден, лексикалық тақырыпты тақтаға жазып, сөздікті жазуға 5-10 минут уақыт бересіз. Студенттер өткен сабақтағы тақырып бойынша сөздерді жазу керек. Мысалы: «Отбасы» тақырыбы немесе «Елдер. Ұлт өкілдері» тақырыбы бойынша жаттаған лексиканы жазыңыз деп тапсырма бересіз. Әрбір топ осы тақырып бойынша барынша мейлінше көп сөзді жазуы керек. Осы уақыт аралығында қай команда көп сөз жазса, сол команда жеңіске жетеді. Ойынды жалғастыруға болады. Ойынның екінші бөлімінде студенттерге қосымша тақырыпқа сай сұрақтар қоюға болады. Мысалы: «Елдер. Ұлт өкілдері» тақырыбы бойынша төмендегідей сұрақтарды:

*Сіздің ұлтыңыз кім?*

*Сіз қайда тұрасыз?*

*Бұрын қайда тұрдыңыз?*

*Алматы қандай қала?*

*Ол кім? Оның ұлты кім?*

*Ол қайда тұрады?*

Бұл қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасын үйрену үшін де тиімді ойын. Мұндай ойын қызығушылық туғызып, сабаққа жақсы ынталандыру тәсілі болып табылады. Осылайша оқыту ойындары арқылы оқытушы тіл үйренушілердің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығының жоғалмауын қамтамасыз ету әрі өткен материалдарды игеруге көмектесу және тіл үйренуді жеңілдету сияқты негізгі міндеттерін атқаруға мүмкіндік алады. Ойын сабағында ең әлсіз тіл үйренуші студенттің өзі сабаққа қатысуға тырысады және күннен-күнге топтағы озық студенттерге ілесіп, олардан қалыспауға көбірек күш салады. Мұндай факторлар осындай ойындар әрбір студенттің жеке қасиеттерін (ынтасы, белсенділігі, команда да жұмыс істей алу қабілеті, көшбасшылығы) тереңірек ашуға көмектесетіндігінің нақты көрінісі деуге негіз бар.

Осындай белгілі «Мен кімін?» «Who am I?» деп аталатын өте жақсы ойын бар. Ойынның шарты бойынша ойынға қатысушы топтағы әрбір студент әлемге әйгілі тұлғаның кескін келбетін, мамандығын, қай елде тұратынын 4-5 жай сөйлеммен суреттейді немесе аудиториядағы ойынға қатысушы тұлғаның кескін келбетін, мінезін суреттейді.

Мысалы:

Менің сүйікті киножұлдызым бар. Ол 1949 жылы 31 тамызда американың Пенсильвания штатындағы Филадельфия қаласында туған. Ол американдық актёр. Ол өте әдемі актёр. Оның бойы ұзын. Ол көп фильмдерде басты рөлде ойнаған. Оның фильмдері маған ұнайды. Ол «Күзде Нью-Йоркте», «Чикаго», «Хатико – ең адал дос» фильмдерінде басты рөлде ойнайды. Ол кім?

*Жауабы: (Р.Т.Гир)*

Оның бойы ұзын, шашы қара. Ол әдемі жас әнші. Оның даусы ерекше. Ол Қазақстанда тұрады. Оны қытайлықтар да жақсы көреді. Ол кім?

*Жауабы: (Димаи Құдайберген)*

Ойынға қатысушылар осы өнер адамдары сипатталған сөйлем арқылы олардың кім екенін анықтау керек. Бұл ойын тіл үйренушілердің тақырып бойынша өздері өткен сөздерімен сөйлем құрап үйренуге және қазақ тілінің грамматикасын меңгеруге, ауыз екі сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, жаттығуға өте жақсы көмектеседі. Бұл аталған сипаттарын оқу ойынының ең ұтымды жақтары деуге болады. Ойын шет тілінде сөйлеу тәжірибесіне ұтымдылығын дәлелдегендіктен, оны оқыту процесінде шет тілі мамандары жиі пайдаланады.

Біз қазақ тілі сабағын шетелдік студенттерге үйреткенде әртүрлі жағдаяттар (ситуациялар) болады. Студенттер сабаққа шаршап немесе сабаққа құлықсыз болып келетін кездерін жиі байқаймыз. Себебі жасыратыны жоқ әлі де қазақ тілін меңгеруге деген шынайы қажеттіліктің туындамай отырғанын студенттердің айтқан сөздері мен ойларынан аңғарып жатамыз. Осындай жағдайларда 10-15 минутты ойын сабақтарына бөлу студенттердің көңілін, назарын сабаққа аудартып, сейілту үшін әрі оларды қоғамдағы, көшедегі қалыптасқан тілге деген қасаң көзқарастар мен пікірлерден көңілін басқа жаққа аударып, көңілді орта туғызып, қазақ тілінің де қызық, маңызды ақпарат пен таным құралы екенін ойнап отырып-ақ студенттердің санасына сіңірудің тиімді тәсіл екенін үнемі ескеріп, практикада пайдалануды ұмытпау қажет деп санаймыз.

Бастауыш деңгейде өтетін сабақтың тақырыптарына қарай ойын түрлерін ойлап табу оқытушының, тіл үйретушінің шеберлігіне, фантазиясына, ізденісіне байланысты. Мысалы: біз өз сабақтарымызда «Мен жақсы көретін күн райы» «My favourite weather» ойынын «Жыл мезгілдері», «Күн райы» тақырыптарын өткенде пайдаланамыз. Студенттерге әртүрлі күн райын бейнелейтін слайдтарды көрсетіп, сол слайдтағы суреттер бойынша сөйлем құрауды тапсырудың тиімділігі жоғары.

Мысалы: *Мен көктем мезгілін жақсы көремін. Себебі көктемде күн жылына бастайды. Мен жазды ұнатамын. Себебі жазда күн ыстық болады. Мен*

*жазда саяхатқа барамын. Маған күз ұнайды. Күзде күн сақиндайды. Жаңбыр жиі жауады., және т.б.*

Осы ойында студенттерге түрлі сұрақтар беруге болады. Мысалы: *Бүгін күн райы қандай? Жаңбыр жауды ма? Жел тұрды ма? Күн ыстық па?* және тағы сол сияқты. Студенттер осы сұрақтарға толық жауап берсе, балл беріледі. Осы ойынның түрі студенттердің тақырыпты қалай меңгергенін және грамматикасын, лексикасын тексеруге, бағалауға өте жақсы тәсіл.

Бастауыш деңгейдегі қазақ тілі сабақтарында көбінесе лексикалық тақырыпқа сай ойындар таңдаған дұрыс. Мысалы: «Өзім туралы» тақырыпты өткенде «Шын және жалған» «Truth or lie» ойынын пайдаланудың ұтымды тұстары мол. Ойынның шарты бойынша студент өзі туралы яғни жеке басына қатысты 3-4 сөйлем жазады. Жазған сөйлемнің екеуі шын, екеуі өтірік болу керек. Әр студент өзі жазған сөйлемді оқиды. Топтағы студенттер қайсысы шын, қайсысы жалған екенін анықтайды. Шын мен жалғанды анықтау үшін студенттерге сұрақтар қойуға рұқсат беріледі. Ойынның мақсаты – грамматикалық сауаттылығын, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту. Ойын арқылы студенттер бір-бірі туралы көп ақпарат алады. Ойынды ойнағанда егер шындық пен жалғанды анықтау қиын болатын болса, қызығырақ болады.

Мысалы: *Мен кітап оқығанды ұнатамын.*

*Мен бүгін қызық фильм көрдім.*

*Мен кеше досымен бірге кітапханаға бардым.*

*Мен торт пісіре аламын.*

*Менің көзім қара, шашым қысқа, бойым ұзын.*

Әрине, мұғалім ойын түрлерін таңдағанда тіл үйренушілердің жасының ерекшелігін ескеруге міндетті. Жас ерекшелігін ескермесе, ойын қызық болмауы мүмкін. Оқытушы студенттерге ойын таңдағанда осы талапты орындауды ұмытпағаны жөн. Ересектерге ойнататын ойынның тағы бір түрі – «анкета ойыны». Бұл ойынның шарты бойынша топтағы студенттер екі-екіден бөлініп, өздері туралы жеке басына қатысты сөйлемдерді құрап, сұхбат түрінде жазады. Ойында студент бір-біріне сұрақ қояды. Сол қойылған сұрақтарға серіктесі жауап беру керек. Сұхбат 5-6 сөйлемнен кем болмауы керек. Ойынды ауызша да, жазбаша да ойнауға болады. Ойында алуан түрлі сұрақтар қоюға болады? Мысалы:

*Сенің ата-анаң қайда тұрады?*

*Қандай заттарды жақсы көресің?*

*Сенің сүйікті ісің не?*

*Демалыс күндерін қалай өткізесің?*

Ойында қойылатын сұрақтар сөйлетуге жетелейтін, түрлі мәліметерді айтуға итермелейтіндей болғанына көп мән берілгені дұрыс. Ойынның қорытындысында студент бір-біріненің жеке бастарына қатысты көп ақпарат алып, таныс-білістіктері артады.

«Кроссворд» ойыны да лексикалық ойынның бір түрі. Көп адамдар өз тілінде кроссворд шешкенді ұнатады. Осы кроссвордты тіл үйренушілерге берген кезде оларды қазақ тілінде де шешкен ұнап жатқанын байқаймыз.



Кроссвордты сабақта өткен тақырыптардың біріне сай жасап, онда сол тақырыптың лексикасы барынша көп қамтимыз. Ойын шарты бойынша студенттер кроссвордты шешу керек. Кроссвордты әртүрлі етіп беруге болады. Сөздің кейбір әріптерін тастап кету немесе тек бас әріпін беру және тағы басқа. Бұл ойын студентті сауатты жазуға ғана емес, сөзді жаттауға, есте сақтауға, қайталауға арналған әдістің бір түрі. Сол себепті сөз қорын молайту үшін «Кроссворд», «Сөзді табу» сияқты ойындар қолдану қашанда пайдалы бола алады.

«Пазл» ойыны топқа бөлініп ойналатын қызықты ойындардың бір түрі. Ойын қазақ тіліндегі шақтарды қайталауға, сөйлемді дұрыс құрауға үйретеді. Ойынды қалай ойнауға болады? Алдымен бірінші қағазға 5-6 сөйлем жазылады. Содан кейін сөйлемдегі фразаларды жеке бөліп, қайшымен қиып дайындаймыз. Содан кейін екі топқа пазлдағы сөздерден сөйлем құрауға 2-3 минут уақыт береміз. Ойынның шарты бойынша осы уақыт аралығында бірінші болып сөздермен дұрыс сөйлем құраған топ жеңіске жетеді.

Осы сияқты «Сауда үйінде» деген сабақ тақырыбына «Себет» ойыны «basket» өте жақсы келеді. Ойын шарты бойынша оқытушы күнделікті өмірде алатын азық-түліктердің, киімдердің және заттардың суреттерін үстел үстіне қояды. Студент өзі білетін заттарды себетке салады. Студент өзінің себетін толтырғаннан кейін өзі алған заттардың атауларын дәптерге жазады. Оқытушы студентке қосымша сұрақтар қойса да болады.

Мысалы:

*Сіздің дисконттық картаңыз бар ма?*

*Сіз азық-түлік сатып алуды ұнатасыз ба?*

*Нан қанша тұрады?*

*Жейде қанша тұрады?*

*Шалбар қымбат тұра ма?*

*Айран қанша тұрады?*

*Алма арзан ба?*

*Сыр сатып алдыңба? Бағасы қандай?*

*Сауда орталығында жемістердің бағасы қандай?*

Ойын арқылы сөздікті және сөздің дұрыс жазылуын қадағалап, студентті бағалауға болады. Шет тілі сабақтарында ойын түрлерін өте көп қолданады. Сабақта пайдаланылатын фонетикалық ойындардың түріне жұмбақтар, ойын-имитациялар, ойын-жарыстар тағы басқа түрлерге бөлуге болады. Оқу процесінде ойын әрекеттері келесі функцияларды атқарады:

1. Ойынның оқыту қызметі өте жоғары. Ойындар жадты, назар қоюды, ақпаратты қабылдауды дамытады.

2. Ойынның тәрбиелік мәні зор. Ойындағы серіктесіне ізгілікпен қарау, бір-біріне өзара көмек беру, мұқият болу қасиеттерін жетілдіреді.

3. Ойындар көңіл көтеру, сергіту функциясын да атқарады. Қызықты сабақ жағымды атмосфера құрайды.

4. Ойынның коммуникативтік функциясы тіл үйрету барысында өте маңызды. Ойын топтағы тіл үйренушілердің ынтымақтастығын арттырып, жана

эмоциялық және коммуникативтік қарым-қатынас орнатып, олар үшін шет тілі болып саналатын қазақ тілінде тіл қатысып, бірлескен командалық атмосфера қалыптастырады.

5. Ойынның релаксациялық функциясы да бар. Тілді қарқынды оқу кезінде немесе жүктеменің көптігінен жүйке жүйесіне салмақ түскенде эмоциялық стрессті жоюға да септігі мол.

Сондай-ақ ойын түрлерінің психологиялық және дамытушылық функциялары да болады. Бұлардың әрқайсын жеке-жеке қарастырып, кеңінен талдаған жөн болар деп санаймыз.

Қорытындылай келгенде, фонетикалық ойындардың мақсаты:

*Тіл үйренушілерді қазақ тілінің әріптерін, дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Дыбыстарды есту қабілетіннің фонетикалық дағдыларын жетілдіру.*

Грамматикалық ойындардың мақсаты:

*Сөйлемді дұрыс құрауға, грамматиканы меңгеруге қолайлы жағдай туғызу.*

Лексикалық ойындардың мақсаты:

*Студенттерді лексиканы коммуникативтік ситуациялық жағдайларда қолдануға дағдыландыру. Сөйлеу қабілетін дамытуға мүмкіндік беру.*

*Студенттердің сөйлеу белсенділігін белсендіру, сөздік қорын байыту.*

Орфографиялық ойындардың мақсаты:

*Сөздерді дұрыс жазуға жаттықтыру.*

Сабақта тілдік ойындардың тәрбиелік те мәні бар. Ойын ойнау тіл үйренушілердің арасындағы қарым-қатынасты дамыту үшін тиімді, қолайлы жағдайларды тудырады. Топ болып жұмыс істеу арқылы білім деңгейі төмен студенттің өзі сенімсіздік, қате жіберуден қорқу сияқты психологиялық кедергілерден өтеді. Оқытушы болса, бастаушы ретінде аудиториядағы студенттердің барлығын бақылап, әр студенттің өткен материалды игеруіне, тілді үйренуін дамыту үшін жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Оқытуға арналған ойындардың тағы бір ерекшелігі әрі артықшылығы оларды жеке адаммен де, көпшілікпен жұмыс істеу барысында да пайдалануға болады. Осы орайда А.А.Деркач пен С.Ф.Щербак «Ойынды сабақта жеке адаммен, жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс істеу кезінде де пайдаланыла алады» – деп өте орынды атап көрсетілген [2, 10].

Әрине, ойындардың бұл аталғандардан басқа да түрлері көп. Жоғарыда айтқанымыздай орфографиялық, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ойындардың түрін өткізгенде сабаққа қатысушылардың жас ерекшелігін ескеріп, ойын түрлерінің ересектерге, балаларға, оқушыларға арналғандығын анықтауы қажет. Оқытушы, тіл үйретуші ойындардың шартын құбылтып, өз фантазиясымен жетілдіре беруге болады. Біз бұл мақаламызда ең белгілі, ең кең тараған оқыту ойындарына тоқталып, ойын түрлерінің мақсаты мен міндеттері жайлы сөз еттік. Тәжірибелі, шебер педагог ойын түрлерін өзі ізденіп, өзі ойлап таба беруіне немесе белгілі ойындарды жетілдіріп өзгерте алады.

Қорыта келгенде, оқыту ойындарын тиімді пайдалану сабақты қызық әрі көңілді өткізуге аудиторияда жақсы атмосфера қалыптастырып, тіл үйренушілердің белсенділігін туғызуға, тілдік материалды жеңіл меңгеріп,

ауызекі сөйлеу қабілетін жетілдіруге қол жеткізетін тиімді әдіс екендігін баса айтқымыз келеді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Азимов Э.Г. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). /Э.Г.Азимов, А.Н. Щукин. М:Издательство ИКАР, 2009. – 448 с.
2. Деркач А.А., Щербак С.Ф. педагогическая эвристика. Искусство овладения иностранным языком. –М: педагогика, 1991. – 224 с.
3. Конышева А.В. Игровой метод в обучении иностранному языку. СПб.:КАРО, 2008. – 192 с.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ**

*Бегалиева Л.Б., ф.ғ.к., аға оқытушы*  
*Алматы менеджмент университеті*  
[begalievna@mail.ru](mailto:begalievna@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақалада қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологиялардың бірі мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** инновация, мультимедия, технология, ақпарат, дыбыс, гипермәтін.

**Аннотация.** В данной статье речь идет об эффективном использовании мультимедийных технологий, одной из инновационных технологий в обучении казахскому языку.

**Ключевые слова:** инновация, мультимедия технология, метод, информация, звук, гипертекст.

Бүгінгі күннің білім берудегі негізгі мақсат – бұл заманауи инновациялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, біртұтас біліми ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім санасын арттыру. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы қоғамның дамуының объективті заңдылығы оның индустриалды қоғамнан ақпараттық (цифрлық) қоғамға өтуін айқын көруімізге болады. Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың барысында инновациялық технологиялардың бір түрі болып саналатын мультимедиялық технологияларды оқыту үдерісіне енгізу – қазақ тілін жаңа тұрғыдан меңгерту болмақ. Тілді оқытуда әдістемелік тәсілдерді түрлендіруге және көбейтуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар айрықша орын алатынына мән беруіміз керек. Осы орайда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлі есту және көріп есту көрнекіліктерімен техникалық құралдарының